



# МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ

- *Мемлекеттік бюджет мемлекеттің ақшалай қаражаттарының орталықтандырылған қорын жасау және оны ұлғаймалы ұдайы өндіріспен қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсаттарына пайдалану жолымен қоғамдық өнімнің құнын бөлу және қайта бөлу үдерісінде мемлекетпен қоғамдық өндірістің басқа қатысушылары арасында пайда болатын ақшалай қатынастарды білдіреді.*

- *Бөлу және бақылау функцияларын атқарады.*
- *Мемлекеттік бюджет – ұлттық экономиканы басқарудың басты механизмдерінің бірі*

*Бюджет жүйесі* дегеніміз экономикалық қатынастар мен заңды нормаларға негізделген бюджеттердің барлық түрлерінің жиынтығы. Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінде бюджет жүйесіне Қазақстан Республикасының Ұлтық қоры кіргізілген.

*Бюджет құрылысы* – бұл бюджет жүйесін құрудың қағидаттары, оның буындарының өзара байланысының ұйымдық нысандары.

Бюджет жүйесінің құрамы елдің ұлттық-  
мемлекеттік құрылымымен анықталады.  
Мемлекеттің федеративтік және унитарлық  
құрылымы болуы мүмкін.

- *Бюджеттің дербестік қағидаты*
- *Бюджеттің толымдылығы*
- *Реалистік қағидаты*
- *Транспаренттілік қағидаты*
- *Дәйектілік қағидаты*
- *Нәтижелілік қағидаты*
- *Сабақтастық қағидаты*
- *Негізділік қағидаты*
- *Касса бірлігінің қағидаты*
- *Уақтылық қағидаты*

- *Тиімділік қағидаты*
- *Жауапкершілік қағидаты*
- *Бюджеттік қаражаттардың атаулық және нысаналық сипаты қағидаты*

- Бюджеттік үдерісте республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы және республикалық бюджет пен Қазақстан Республикасының Ұлттық қор арасындағы қатынастар *бюджетаралық қатынастар* болып табылады



Бюджетаралық қатынастар:

1) республикалық және облыстық бюджеттердің, респуб-ликалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің арасында:

*трансферттермен;*

*бюджеттік кредиттермен;*

2) облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасында:

*трансферттермен;*

*бюджеттік кредиттермен;*

*кірістерді бөлу нормативтерімен реттеледі.*

- Бюджеттер деңгейлері арасындағы трансферттер жалпы сипаттағы трансферттерге, ағымдағы нысаналы трансферттерге, дамудың нысаналы трансферттеріне бөлінеді

- *Бюджеттік субвенциялар – жоғарғы бюджеттерден төменгі бюджеттерге республикалық немесе облыстық бюджетте бекітілген сомалар шегінде берілетін трансферттер. Бюджеттік алынымдар республикалық немесе облыстық бюджетте бекітілген сомалар шегінде төменгі бюджеттерден жоғарғы бюджеттерге берілетін трансферттері болып табылады*

*Бюджеттің құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:*

**1) кірістер:**

салықтық түсімдер;

салықтық емес түсімдер;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;

трансферттер түсімдері;

**2) шығындар;**

**3) таза бюджеттік кредиттеу;**

бюджеттік кредиттер;

бюджеттік кредиттерді өтеу;

**4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо:**

қаржылық активтерді сатып алу;

мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер;

**5) бюджет тапшылығы (профициті);**

**6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):**

қарыздар түсімі;

қарыздарды өтеу;

бюджеттік қаражаттардың пайдаланылатын қалдықтары

*Бірыңғай бюджеттік сыныптама*  
объектілерге топтамалық кодтар бере отырып,  
функциялық, ведомстволық және  
экономикалық сипаттамалар бойынша  
бюджеттің түсімдері мен шығыстарын  
топтастыру болып табылады

- Бюджеттік түсімдер сыныптамасының топтамасы санаттан, сыныптан, кіші сыныптан және өзіндік ерекшеліктен тұрады.
- Бюджет шығыстарының функциялық сыныптамасына сәйкес шығыстар төрт деңгейге бөлінеді: функциялық топ, функциялық кіші топ, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар).

Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын топтастыру санаттан, сыныптан, кіші сыныптан және өзіндік ерекшеліктен тұрады.

*Санат ағымдағы шығыстарды, күрделі шығыстарды, кредиттер беруді, қаржыландыруды кіріктіреді. Сынып, кіші сынып және ерекшелік шығыстардың арналымы мен сипатын нақтылайды, мысалы, ағымдағы шығыстарда: тауарлар мен қызметтерге жұмсалатын шығыстар – жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысы – жұмысшылар мен қызметшілердің негізгі жалақысы.*

- Жалпы түсінікте *кірістердің шығыстардан асып түсуі бюджет артығын – профицитті, ал шығыстардың кірістерден асып түсуі мемлекеттік бюджеттің тапшылығын құрайды*



Бюджет тапшылығының болуы мына себептерге байланысты:

- 1) елдің экономикасында өндірістің жалпы құлдырауы;
- 2) қоғамдық өндіріс шығындарының өсуі;
- 3) айналысқа тауар жиынымен жабылмайтын ақшаны шектен тыс шығару;
- 4) бюджеттің шығыстарында экономиканың даму деңгейіне сәйкес келмейтін едәуір әлеуметтік шығыстардың басымдығы;
- 5) әскери-өнеркәсіп кешенін ұстауға жұмсалатын әскери шығыстарды, басқару шығыстарын қаржыландырудың қомақты ауқымы;
- 6) «көлеңкелі» экономиканың ірі ауқымды айналымы;
- 7) ұлттық шаруашылықтағы өнімсіз шығыстар мен ысыраптар.

Бюджет тапшылығын қаржыландырудың *жолдары*:

1. Ақша белгілерін шығару. Өз кезегінде ақша эмиссиясы айналысқа ақша белгілерін тікелей шығару, жанама түрде мемлекеттік бағалы қағаздар шығару арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қарыздар. Бұл жағдайда қаржыландыруға бос ақшалай қаражаттары бар компаниялар, банктер және т.б. қатысады.

3. Шетелдік қарыздар. Оларды Дүниежүзілік валюта қоры, басқа халықаралық қаржы ұйымдары, үкіметтер, банктер береді.

4. Ұлттық байлықты пайдалану. Бұл ретте мемлекет басқа субъектілерге өзінің активтерін сатады.

Бюджет тапшылығына қатысты *фискалдық саясат* үш тұжырымдамаға негізделеді.

*1. Жыл сайын баланстандырылатын бюджет.*  
Бюджетті теңгеру экономикалық циклдың ауытқуын ұлғайтуы мүмкін. Жұмыссыздықтың болуы және халықтың табысының құлдырауы кезінде салық түсімдері автоматты түрде қысқарады. Бұл жағдайда бюджетті теңгеру үшін мемлекетке не салықтардың мөлшерлемелерін арттыруы не мемлекеттің шығыстарын қысқартуы не бұл екі әрекетті де жүзеге асыруы қажет.

- *2. Циклдік негізде баланстандырылатын бюджет.* Бұл тұжырымдамаға сәйкес бюджет жыл сайын емес, экономикалық циклдың барысында теңгеріледі. Өндірістің құлдырауын болдырмау үшін мемлекет тапшылықты әдейілеп жасай отырып салықтарды азайтады және шығыстарды көбейтеді. Сөйтіп, циклге қарсы фискалдық саясат және экономикалық цикл ішінде бюджетті теңгеру жүргізіледі.

3. Қаржының функциялық тұжырымдамасының мақсаты макроэкономикалық тұрақтылыққа, инфляциялық емес толық қамтылуды қамтамасыз етуге жету үшін жалпы экономиканы теңгеру болып табылады. Бұл жағдайда экономикалық өсуге қарай салық жүйесі бюджетке түсетін түсімдерді автоматты түрде қамтамасыз етеді, Мемлекет бюджеттің тапшылығын жаба алады. Бұл тұжырымдамада сонымен бірге тапшылықтар мен ірі мемлекеттік борыштың болуы қалыпты экономика үшін қауіпті емес деп саналады.

- *Бюджеттік үдеріс – Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен бюджетті жоспарлау, қарау, бекіту, атқару, нақтылау және түзету, бюджеттік есеп пен бюджеттік есептемені, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептемені жүргізу, мемлекеттік қаржылық бақылау, бюджеттік мониторинг және нәтижелерді бағалау бойынша регламенттелген мемлекеттік органдардың қызметі*